



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Өнеркәсіптік металл құбыржолдар
4-бөлім**

ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ

**Трубопроводы металлические промышленные
Часть 4**

ИЗГОТОВЛЕНИЕ И МОНТАЖ

ҚР СТ EN 13480-4-2016

(EN 13480-4:2012 «Metallic industrial piping - part 4: fabrication and installation», IDT)

Ресми басылым

Осы ұлттық стандарт EN 13480-4:2012 еуропалық стандартты балама жүзеге асыру болып табылады және В-1000 Брюссель, Марникс 17 мекенжайында орналасқан СЕН рұқсатымен қабылданды

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық
реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өнеркәсіптік металл құбыржолдар

4-бөлім

ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ

ҚР СТ EN 13480-4-2016

(EN 13480-4:2012 «Metallic industrial piping - part 4: fabrication and installation», IDT)

Ресми басылым

Осы ұлттық стандарт EN 13480-4:2012 еуропалық стандартты балама жүзеге асыру болып табылады және В-1000 Брюссель, Марникс 17 мекенжайында орналасқан СЕН рұқсатымен қабылданды

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

АЛҒЫСӨЗ

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы «25» қарашадағы № 300-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт EN 13480-4:2012 «Metallic industrial piping - part 4: fabrication and installation» (Өнеркәсіптік металл құбыржолдары. 4-бөлік. Дайындау және құрастыру) еуропалық стандартқа балама

Еуропалық стандарт EN 13480-4:2012 хатшылығын AFNOR жүргізетін CEN/TC 267 «Өнеркәсіптік құбыржолдары мен құбыржолдары» техникалық комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен аударма (en).

Оның негізінде осы ұлттық стандарт дайындалған (әзірленген) және оған сілтеме берілген еуропалық стандарттардың ресми даналары Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Ұлттық стандарттардың сілтеме халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәлімет қосымшасында келтірілген.

Сәйкестік дәрежесі - бірдей (IDT)

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2023 жылы
5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қарастырған (ауыстырған) немесе жойған жағдайда тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Әнеркәсіптік металл құбыржолдар

4-бөлім

ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚІРАСТЫРУ

Енгізілген күні 2018-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт EN 13480-3 сәйкес әзірленген тіреулерді қоса құбыржолы жүйелерін дайындау мен құрастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме нормативтік құжаттар қажет. Күні белгіленген сілтемелер үшін сілтеме нормативтік құжаттың аталған басылымы ғана қолданылады, күні белгіленбеген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың (барлық өзгерістерін қоса) соңғы басылымы қолданылады:

EN 287-1: 2011 Qualification test of welders — Fusion welding — Part 1. Steels (Пісірушілерді аттестаттау. Балқытып пісіру. 1-бөлік. Болаттар)

EN 1418:1997 Welding personnel — Approval testing of welding operators for fusion welding and resistance weld setters for fully mechanized and automatic welding of metallic materials (Пісіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін персонал. Металл материалдарды толығымен механикаландырылған және автоматтандырылған пісіру жүргізу кезінде байланыстырып пісіруге арналған машиналар мен балқытып пісіруге арналған пісіру машиналарының операторларын сынау).

EN 10204:2004 Metallic products — Types of inspection documents. (Металл бұйымдар. Қабылдау бақылау актілерінің түрлері)

EN 13480-1:2012 Metallic industrial piping — Part 1. General (Әнеркәсіптік металл құбыржолдары. 1-бөлік: Жалпы ережелер).

EN 13480-2:2012 Metallic industrial piping — Part 2. Materials (Металл құбыржолдарының әнеркәсіптік жүйелері. 2-бөлік: Материалдар).

EN 13480-3:2012 Metallic industrial piping — Part 3. Design and calculation (Металл құбыржолдарының әнеркәсіптік жүйелері. 3-бөлік: Жобалау және есептеу).

EN 13480-5:2002 Metallic industrial piping — Part 5. Inspection and testing (Металл құбыржолдарының әнеркәсіптік жүйелері. 5-бөлік: Бақылау және сынау).

EN ISO 3834-3:2005 Quality requirements for fusion welding of metallic materials — Part 3. Standard quality requirements (ISO 3834-3:2005) (Металл материалдарды балқытып пісірумен сапасына қойылатын талаптар. 3-бөлік. Сапаға қойылатын стандартты талаптар (ISO 3834-3:2005))

EN ISO 4063:2010 Welding and allied processes — Nomenclature of processes and reference numbers (ISO 4063:2009, Corrected version 2010-03-01) (Пісіру және жапсарлас процестер. Процестер тізілімі мен сілтеме нөмірлер (ISO 3834-3:2005))

EN ISO 5817:2007 Welding — Fusion-welded joints in steel, nickel, titanium and their alloys (beam welding excluded) — Quality levels for imperfections (ISO 5817:2003, corrected version:2005, including Technical Corrigendum 1:2006) (Пісіру. Болатты, никель, титан мен олардың қорытпаларын балқытып пісіру кезінде түйістірілген жіктер (сәулелік пісіру қажет емес). Жік ақауларына байланысты сапа деңгейлері (ISO 5817:2003, түзетілген

ҚР СТ EN 13480-4-2016

нұсқа: 2005 ж., оның ішінде Техникалық түзету 1:2006)

EN ISO 13920:1996 Welding — General tolerances for welded constructions — Dimensions for lengths and angles — Shape and position (ISO 13920) (Пісіру. Пісірілген құрастырымдарға арналған жалпы рұқсат етілімдер. Ұзындық бойынша әлшемдер және бұрыштық әлшемдер. Нысаны мен қалпы (ISO 13920)

EN ISO 15609 (all parts), Specification and qualification of welding procedures for metallic materials — Welding procedure specification (все части) (барлық бөліктер), Металл материалдарды пісіру процедураларына техникалық талаптар және бағалау. Пісіру процедурасына қойылатын техникалық талаптар).

EN ISO 15610:2003 Specification and qualification of welding procedures for metallic materials — Qualification based on tested welding consumables (ISO 15610:2003) (Металл материалдарды пісіру процедураларының техникалық шарттары және біліктілік бағалау. Сынау кезінде пайдаланылатын, пісіру кезінде жұмсалатын материалдар негізінде біліктілік бағалау (ISO 15610:2003)

EN ISO 15611:2003 Specification and qualification of welding procedures for metallic materials — Qualification based on previous welding experience (ISO 15611:2003) (Металл материалдарды пісіру процедураларының ерекшеліктері және біліктілік. Алдындағы пісіру тәжірибесі негізінде біліктілік (ISO 15611:2003)

EN ISO 15612:2004 Specification and qualification of welding procedures for metallic materials — Qualification by adoption of a standard welding procedure (ISO 15612:2004) (Металл материалдарды пісіру процедураларының техникалық талаптары және бағалау. Пісірудің стандартты процедураларын қабылдау жолымен бағалау (ISO 15612:2004)

EN ISO 15613:2004 Specification and qualification of welding procedures for metallic materials — Qualification based on pre-production welding test (ISO 15613:2004) (Металл материалдарды пісірудің техникалық талаптары мен процедураларын бағалау. Өндіріс алдындағы пісіру сынаулары негізінде бағалау (ISO 15613:2004)

EN ISO 15614-1:2004 Specification and qualification of welding procedures for metallic materials — Welding procedure test — Part 1. Arc and gas welding of steels and arc welding of nickel and nickel alloys (ISO 15614-1:2004) (Металл материалдарды пісірудің техникалық талаптары мен процедураларын бағалау. Пісіру процедураларын сынау. 1-бөлік. Болаттарды доғалап және газбен пісіру және никель пен никель қорытпаларды доғалап пісіру (ISO 15614-1:2004)

EN ISO 17663:2009 Welding — Quality requirements for heat treatment in connection with welding and allied processes (ISO 17663:2009) (Пісіру. Пісіру мен жапсарлас процестер барысында термиялық әңдеу сапасына қойылатын талаптар (ISO 17663:2009)

CEN ISO/TR 15608:2005 Welding — Guidelines for a metallic materials grouping system (ISO/TR 15608:2005) Пісіру. Металл материалдарды топтастыру жүйесі бойынша ұсыныстар (ISO/TR 15608:2005)

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

3.1 Құбыржолын құрылыс алаңында дайындау (field run piping) – Тіреулер мен аспалар орналасуы жобалау құжаттамасында ескерілетін құбыржолдарын дайындау

Ескертпе –Типтік әлшемдер DN50 бойынша.

3.2 Каскад (қайыру үшін ұзына бойына артығымен немесе артықсыз) (spool (with or without overlength)) - Құбыржолы жүйесінің бөлігін түзетін құрамбірліктерді дайын жинақтау

3.3 Суық қалыпта нысанын өзгерту (cold forming) - Қоршаған орта температурасы жағдайында, бірақ +5 °С төмен емес жағдайда нысан өзгерту

3.4 Ыстық жағдайда нысан өзгерту (hot forming) - Ферриттік болаттар үшін пісіруден кейін термоөңдеу үшін максимал рұқсат етілетін температура немесе жоғары қалыпта нысан өзгерту; аустенитті және аустенитті-ферритті болаттар үшін 300 °С жоғары температура жағдайында.

4 Белгілеулер

Осы стандартта EN 13480-1 бойынша нышандар қолданылады.

5 Жалпы талаптар

5.1 Әндірушіге қойылатын талаптар

Дайындаушы зауыт, жұмысты қосалқы мердігер ұйымдар орындаған жағдайда да, дайындау мен орнатуға жауапты болады.

5.2 Дайындаушы немесе құрылыс-құрастыру ұйымдарына қойылатын талаптар

5.2.1 Дайындаушы және/немесе құрастырушылар құбыржолының барлық құрамбірліктерін, оның ішінде тіреулерді дұрыс тасымалдау, ұстау, сақтау, әндіру, орнату және сынауды қамтамасыз етуі керек.

5.2.2 Дайындаушы мен құрылыс-құрастыру ұйымы оларға құбыржолдарын, тіреулерді қоса элементтерін дұрыс әндеуге мүмкіндік беретін құралдарға қол жеткізуі және қажетті сынаулар өткізуі керек.

5.2.3 Дайындаушылар және/немесе құрастырушыларда пісіру жұмыстарын жүргізуге бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті тұлғаларды, сондай-ақ білікті персоналын болуы керек. Жұмысқа қосалқы мердігер ұйымдарды қатыстырған жағдайда, дайындаушы және/немесе құрастырушы олардың құзыреттілігіне және осы стандартқа сәйкестігіне жауапты болып қалады.

Ескертпе – Пісіру жұмыстарының үйлестірушінің міндеті мен жауаптылығы EN ISO 14731 келтірілген.

5.2.4 Дайындау мен құрастырудың барлық кезендері дайын жүйе құрастырымының бүтіндігін сақтау үшін тиісті үлгіде бақылануы керек.

5.2.5 Жобалау үшін жауапты мен әндіру және/немесе орнату және сынауға жауаптылар арасында ынтымақтастық, әндіру, орнату мен сынау жобаның техникалық шарттарына сәйкес орындалатынды қамтамасыз ету үшін тұрақты ұсталуы керек.

5.2.6 Құбыржолын дайындаушылар және/немесе құрастырушылар EN ISO 3834-3 талаптарын орындауы керек.

5.3 Дайындау мен құрастыру бойынша талаптар

5.3.1 Кез келген процесті бастағанға дейін, тексеру орауыш пен құрамбірліктер тиісті құжаттармен (ерекшеліктер, сызбалар, сертификаттар және т.б.) бірге жеткізілетіндей жасалуы керек.

5.3.2 Фабрикалық орауыш пен құрамбірліктер әндеу, тасымалдау және сақтау кезінде қорғалған болуы керек.

5.3.3 Орауыштар немесе құрамбірліктерді біріктірген кезде, олар кернеулетілмеген болуы және құрастырыммен талап етілгеннен басқаша ақауланбауы керек. Дизайнердің орнату бойынша нұқсаулығы, егер болса, сақталуы керек.

ҚР СТ EN 13480-4-2016

Ескертпе – материал сапасының сипаттамалары суықтай немесе ыстықтай жағдайда қалыптастыру нәтижесінде нашарланбаса, мысалы кесу, қырнау, тіктеу немесе құрамбірліктерді бұту кезінде және түрлі құрамбірліктер құбыржолының қауіпсіздігін нашарлата алатын кернеу мен ақауларды болдырмайтындай қосылуы орындалған болып саналады.

5.3.4 Тасымалдау, құрастыру немесе сынау кезінде көмекші құралдар ретінде пайдаланылатын кез келген уақытша тіреулер немесе демейтін құрылғылар пайдалануға енгізер алдында алып тасталуы керек.

5.3.5 Тиісті шаралар таттанбайтын болаттан және түсті металдардан индукциялайтын ластанумен жегіні болдырмау үшін қабылдануы керек. Ластанған жағдайда, ол тиісті үлгіде кез келген қорытынды әндеуге қарамастан, мүмкіндігінше жылдам алып тасталуы керек.

Ескертпе – Таттанбайтын болаттан ластануларды болдырмау және алып тастау бойынша ұсынылған әдістер А қосымшасында келтірілген.

5.3.6 Конденсат түзілуін тудыра алатын сұйықтықтар мен газдарға арналған құбыржолдары балама кәлбеулер мен тұтқыштарда орнатылған болуы керек.

5.4 Құбыржолдарын жіктеу

Құбыржолдары жүйелері тасымалданатын заттектер, диаметр мен қысымға байланысты түрлі кластар бойынша жіктелген болуы керек. Бұл мәліметтер EN 13480-1 келтірілген.

5.5 Материалды топтастыру

Материалды топтастыру EN 13480-2 келтірілген.

5.6 Кінәраттар

Рұқсат етілімдер басқа кластар осы стандартта немесе жоба бойынша белгіленген жағдайлардан басқа кезде EN ISO 13920, С класы мен G класына сәйкесуі керек.

Жинақталған құбыржолы үшін бұрыштық рұқсат етулер дайын бәлшектің шеткі нүктелері үшін әлшемдік рұқсат етумен анықталады.

Құбыржолдарын дайындау мен құрастыруға арналған балама рұқсат етілер анықталған болуы және ерекшелікте барлық жағдайда белгіленген болуы керек. Дайын орауыштар үшін әлшемдік рұқсат етілімдер В қосымшасына сәйкесуі керек.

6 Жізді кесу және шешіп алу

6.1 Жалпы ережелер

Механикалық әндеу жолымен кесу және шабу барлық материалдар үшін рұқсат етіледі.

Жалынмен кесу пісіру үшін алдын ала қыздырумен ғана 1, 2, 3, 4 және 5-топтағы материалдар үшін рұқсат етілген болуы керек.

Ескертпе – материалдарды 1 және 2-топтарына жалынмен кесу, егер талап етілетін шабылған нысандар мен рұқсат етулер қол жеткізілген және термиялық әсер ету аймақтары пісірілген жік сапасына зиянды әсер етпейтін болса, пайдаланыла алады.

3, 4 және 5 материал топтары үшін термиялық әсер ету аймағы механикалық әндеумен немесе қырнаумен кетірілуі керек.

Плазмалық кесу осы стандартта келтірілген материалдардың барлық топтары үшін рұқсат етілуі керек. Плазмалық кесу пісіру үшін белгіленгенге сәйкес, алдын ала қыздырумен жүргізілуі керек.

Кесудің басқа процестері және жиектерін шабу, олардың жарамдылығын кәрсеткен жағдайда, рұқсат етілген болуы керек.

6.2 Қысым астында жұмыс істейтін құрамбірліктерді сәйкестендіру

Қысым астындағы бөлшектер үшін, материалдарды сәйкестендіру әнім стандартымен қарастырылған сақтау жолымен немесе белгі беру жолымен немесе құбыржолдарын қайта әндеушілер мұрағаттарында бірегей кодты сақтау кәмегімен сақталу мүмкіндігі болуы керек.

Штамптау кылшақтар түзілуін тудырмауы керек, сондықтан төмен қысымды штамппен таңбалау ұсынылады.

Егер қатты таңбалаудан, белгілеу немесе қырнадан (виброграф) ерекшеленетін таңбалаудың әдісі қолданылса, жинақтаушы түрлі материалдар арасында сәйкеспеушілік туындамауын қамтамасыз етуі керек.

7 Бүктеу және басқа нысан өзгерту

7.1 Жалпы ережелер


7.1.1 Қысым астында жұмыс істейтін қалыптанған құрамбірліктерді әндірушілер нысан өзгерту және кейіннен термоәндеу процедуралары үшін тиісті жабдықтар мен аспапқа ие болуы керек.

Шыны, резеңке немесе пластмасса сияқты ішкі жабыны бар құбырлар, егер нысан өзгерту жабынға зиян келтірмейтіні кәрсетілмесе, нысан өзгертуге түсірілмеуі керек.

Ескертпе – осы стандарт шеңберінде нысан өзгертудің екі түрі болады: суық жағдайда нысан өзгерту және ыстық жағдайда нысан өзгерту.

Бүктеуден немесе қалыптасқан кейін қалыңдық жоба бойынша талап етілетіннен кем болмауы керек.

Бойлық пісірілген жіктер сезімталдық болмайтын аймақта орналасуы керек. Бүктеуден кейін сезімталдық болмайтын аймақтар ауқымы 7.1.1-суретінде келтірілген.



1 бүктеудің сыртқы беті, 2 бүктеудің ішкі беті
(а) бүктеу кезінде бойлық пісірілген жік үшін оңтайлы ауқым
(б) пісірілген жік

7.1.1-суреті. Бүктеу кезінде бойлық пісірілген жік үшін оңтайлы ауқым

7.1.2 Термомеханикалық болаттардың нысанын өзгерту және кейіннен термоәндеу жеке қарастырылуы керек. Металлургтер ұсыныстарын ескеру керек.

Сипаттамалары бақыланатын илемдеу сияқты термомеханикалық құралдармен

ҚР СТ EN 13480-4-2016

негізделетін құбырларды суық тәсілмен қалыптауға болады. Бұндай материалдар елеулі дәрежеде қалыптау процесінің көмегімен өзгертуге болады, бірақ нысан өзгерткеннен кейін белгіленген қасиеттердің сақталуын қамтамасыз ету үшін ерекше нақар талап етіледі.

7.1.3 Илемдеу кезінде алынған суықтай қалыптастырылған цилиндрлер мен конус бұйымдар үшін ақаулау пайызын есептеуге мына теңдеулерді пайдалану керек (7.1.3-1-суретін қара):

а) Жалпақ илемнен иленген цилиндрлер мен конустар үшін (7.1.3-1а-суретін) және 7.1.3-1с)-суретін қара):


$$V_d = \frac{50 e_{ord}}{r_{mf}} \quad (7.1.3-1)$$

б) Шала әнімнен иленген цилиндрлер мен конустар үшін (7.1.3-1б) –суретін және 7.1.3-1с)-суретін қара):

$$V_d = \frac{50 e_{int}}{r_{mf}} \left(1 - \frac{r_{mf}}{r_{mi}} \right) \quad (7.1.3-2)$$

e_{ord}	тапсырыс берілген қалыңдық;
e_{int}	аралық бұйым қалыңдығы;
r_{mf}	дайын бұйымның орташа радиусы;
r_{mi}	шала әнімнің орташа радиусы;
V_d	ақаулану пайызы.

Ескертпе – Егер нысан өзгертудің жеке кезеңдері арасында аралық термоөңдеу қолданылмаса, онда ақаулану жеке кезеңдердің ақаулану сомасы болып табылады. Егер осындай термоөңдеу нысан өзгерту кезеңдері арасында қолданылса, онда ақаулау соңғы термоөңдеуден кейін туындаған ақаулану болып табылады.



7.1.3-1-суреті – Цилиндрлер мен конустарды қалыптастыру

7.1.4 Нысан өзгерту үшін қолданылатын аспаптар мен жабдық кернеу тудырмайтын ақаулар, мысалы сызаттарсыз тегіс пішінді қамтамасыз ететін жағдайда ұсталуы керек.

7.1.5 Нысан өзгертуден кейін термоөңдеу материалға арналған тиісті стандартқа сәйкес жүзеге асырылуы керек.

7.1.6 Қалыптастырылған телімдерді пісіру термоөңдеуді аяқтағанға дейін рұқсат етілмеуі керек.

7.2 Салқын кнйде нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеу

7.2.1 Жалпақ бұйымдар

Жалпақ бұйымдар 7.2.1-1-кестесінің талаптарына сәйкес суықтай жағдайда нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеуден өтуі керек.

Жобада арнайы негіздеу бойынша, мысалы циклді жүктемелеу немесе кернеу астында жегіге орай, суық жағдайда нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеу 7.2.1-1-кестеде кәрсетілмеген жағдайларда талап етілуі мүмкін болады.

Аустенитті болаттар үшін термоөңдеу талап етілмейді:

а) Сынудан (үзілуден) кейін 30%-ға тең немесе асатын А₅ ұзарудың құжатталған минимал ұзару мәніне ие аустенитті болаттар үшін, салқын жағдайда ақауланудың қолданымды максимал деңгейі 15% болуы керек. Егер үзілу кезінде минимал ұзару суық жағдайда нысан өзгергеннен кейін 15%-ден аспауына растау болатын болса, ақауланудың үлкен деңгейіне рұқсат беруге болады.

Егер қабылдау акті, үзілу кезінде А₅ ұзару 30% кем болмайтынын кәрсетсе, бұндай растау алынған болып саналады. Бұл жегімен құрылатын кернеу нәтижесінде сызаттардың туындау тәуекелінің болмауы жағдайда ғана қолданымды болады.

б) Үзілуден кейін 30%-дан аспайтын А₅ ұзарудың құжатталған минимал ұзару мәніне ие аустенитті болаттар үшін, салқын жағдайда ақауланудың қолданымды минимал қалдық ұзару деңгейі 15% болуы керек.

с) Егер жұмысшы температура 196С тәмен болса, ақаулану 10% аспауы керек.

7.2.1-1-кестесі. Жалпақ бұйымдарды суықтай жағдайда нысан өзгертуден кейін кпұбырларды термоөңдеу

CEN ISO/TR 15608 сәйкес материалдар тобы	ақаулану	Термоөңдеу
1.1, 1.2, 1.3, 2.1, 2.2 ^a , 3, 4 ^b , 5.1, 5.2 ^b , 5.3 ^b , 5.4 ^b , 6 ^b , 7.1, 7.2, 7.3, 9.1, 9.2, 10	≤ 5 %	нет
	> 5 %	да
8.1, 8.2	c	d
^a Егер термоөңдеуге түсірілмесе, материалдар сипаттамалары нашарланбағанын растау үшін қабылдау сынауларын өткізу керек. ^b Металдың минимал температурасы - 10 °С тәмен болатын, материалға арналған стандарттарға сәйкес қажетті термоөңдеу ^c 7.2.1 а), b) және c) қара. ^d қатты балшыққа күйдірілген және шыңдалған немесе тұрақтандырылған материалдар суықтай күйде нысанын өзгерткеннен кейін термоөңдеуді талап етпейді.		


7.2.2 Қпұбырлар

Құбырлар 7.2.2-1-кестесіне сәйкес суық жағдайда нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеуге түсірілуі керек.

Циклді жүктеу немесе жегі нәтижесінде кернеу сияқты ерекше себептерге орай, термоөңдеу суық күйде нысан өзгертілгеннен кейін техникалық шарттарда беріле алады.

7.2.2-1-кестесі Қыбырларды суық кнйде нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеу

CEN ISO/TR 15608 сәйкес материалдар тобы	Қыбырилуінің орташа радиусы	Қыбыдың сыртқы диаметрі	Термоөңдеу
	r_m	d_o	
1.1, 1.2, 1.3, 2.1, 2.2 ^b , 3 ^b , 4 ^a , 5.1, 5.2 ^a , 5.3 ^a , 5.4 ^a , 6 ^a , 7, 8, 9, 10	$r_m \leq 1,3 d_o$	барлық диаметрлер	иә
	$1,3 d_o < r_m < 2,5 d_o$	$d_o \leq 142$ мм	жоқ
		$d_o > 142$ мм	иә ^c
	$2,5 d_o \leq r_m$	барлық диаметрлер	жоқ
Ескертпе - d_o және r_m 7.2.2-1-суретінен қара.			
^a Термоөңдеу, металдың минимал температурасы -10°C -тан төмен болатын материал стандарттарына сәйкес талап етіледі			
^b Егер термоөңдеуге түсірілмесе, материалдар сипаттамалары нашарланбағанын растау үшін қабылдау сынауларын өткізу керек.			
^c 8.1, 8.2 тобының материалдары үшін талап етілмейді.			



7.2.2-1-суреті Қыбыриіні

7.3 Ыстық кнйде нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеу

7.3.1 1,3,4,5 және 6 материалдар тобы

Индукциялық бүктеуді қоса ыстық жағдайда нысан өзгерткеннен кейін құрамбірліктер, қасиеттері материалға арналған стандартта талап етілетінге немесе басқа қолданылатын нормаларға сәйкесетініне кепілдік беру үшін материалға арналған техникалық шарттарға сәйкес термоөңдеуден өтуі керек (қалыптандырылған, қалыптандыру және босату, босатып немесе күйдірумен шындау). Жоғары температурада немесе нәлден жоғары температурада немесе басқа ерекше жағдайларда жұмыс істеуге

арналған материалдарға ерекше назар аударылады.

Егер 1, 3, 5-топтарының материалдарын ыстық жағдайда қалыптастыру 2% Сг дейін басталса және материалға арналған техникалық шарттарда белгіленген температура ауқымының шегінде аяқталса:

а) қалыптандырылған болаттар қайтадан қалыптауды қажет етпейді;

б) шыңдалған және босатылған болаттар, олардың нысан әзгерту температурасынан сумен немесе ауамен жылдам салқындатылатыны жағдайда, босатуды ғана қажет етеді.

Сатылы индукциялық қыздыру әдісінің кәмегімен (индукциялық иіндер) бүгілген құбырлар су немесе ауа кәмегімен босатуды қолдануда бұғу кезінде термоөңдеуге түсіріле алады.

Бүгудің индукциялық процесі және ауа немесе сумен босату кәмегімен қалыптастырылатын легірленбеген болаттар (С, С- С, С-Mn), егер соққылау мен тұтқырлыққа жоғары қарсылықты талап етпесе, бүгуден кейін қолдана алатын жағдайда болады. Бұндай иіндер иін қаттылығы 285 НV аспайтын жағдайда, бүгуден кейін термоөңдеусіз жеткізіле алады.

Легірленуі жоғары ферритті материал үшін термоөңдеу сутегілік сызаттану тәуекелін азайту үшін нысан өзгерткеннен кейін мүмкіндігінде жасала алады.

Дайындаушы иіндердің бір немесе бірнеше үлгілерін зерттеу мен сынау жолымен дайын бұйым үшін талап етілетін қасиеттер алғанның көрсетуі керек. Бұл иіндер иіндер әндіру кезінде пайдалануы қажет барлық параметрлерге сәйкес дайындалған болуы керек. Бұл параметрлер химиялық құрамды, нысан әзгерту температурасын, нысан әзгерту жылдамдығын, нысан әзгерту кезінде салқындату заттегінің берілуін, нысан әзгерту кәлемі (мысалы бұғу радиусы r_m/d_0) және нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеуді қамтиды, бірақ олармен шектеліп қана қоймайды.

7.3.2 8.1 және 8.2 материалдар тобы

Нысан әзгерту барысында су немесе ауаны пайдаланып күйдіру температурасынан жоғары температурадан қатты балшыққа жылдам салқындатылған аустенитті болаттар нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеуді талап етпеуі керек. Қатты балшыққа күйдіру температурасынан жоғары температура жағдайында қалыптасатын тұрақтандырылған аустенитті болаттар нысан әзгертуден кейін тұрақтандыру әндеуіне түсірілуі керек. Тұрақтандыру температурасының ауқымында қалыптасатын тұрақтандырылған аустенитті болаттар кейіннен әндеуді талап етпеуі керек.

Термоөңдеу 7.3.2-1-кестесіне сәйкес жүзеге асырылуы керек.

7.3.2-1-кестесі Ыстық жағдайда нысан өзгерткеннен кейін аустенитті болаттарды термоөңдеу

Материал түрі	Болаттың типтік маркалары		Ол жағдайында нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеу талап етілмейтін шарттар		Тұрақтандыру кезінде ыстықтай термоөңдеуге арналған температуралар ауқымы		Қатты ерітіндіге кіндіру температурасы ^{b,c} °C		
	атауы	нөмірі	Пісірілмеген бөлік	Пісірілген бөлік	Пісірілмейтін бөлік °C	Пісірілген бөлік °C			
тұрақтандырылған молибденді емес легіріленген болаттар	X6CrNiTi18-10 X6CrNiNb18-10	1.4541 1.4550	Нысан өзгеру 1000 °C ^g -1150 °C жағдайында басталады және >750°C (мүмкін салқындаудың ең жылдамы) температурасы жағдайында аяқталады	Нысан өзгеру 1000 °C ^g -1150 °C жағдайында басталады және >750 °C (салқындаудың ең мүмкін жылдамы) температурасы жағдайында аяқталады және пісірілген жік металында C ≤ 0,04 % болуымен тұрақтандырушы толтырғыштар немесе тұрақтандырмайтын толтырғыштар	900±20 (L) ^e	920±20	≥1020		
Молибден легіріленген	X6CrNiMoTi17-12-2 X6CrNiMoNb17-12-2	1.4571 1.4580			Рұқсат етілмейді ^d	Рұқсат етілмейді ^d	≥1050		
	(X4NiCrMoCuNb20-18 ^{e,h})	1.4505			900±20 (L) ^e	920±20 (L) ^{e,h}	≥1000		
	X2CrNi19-11 X2CrNiN18-10	1.4306 1.4311			960±20 (L) ^{e,e}	980±20 (L) ^{e,hi}	≥1020		
Кәміртегінің аз құрамымен тұрақтандырылмаған болаттар /молибден емес легіріленген болат	X2CrNiMo17-12-2 X2CrNiMo18-14-3 X2CrNiMoN17-11-2	1.4404 1.4435 1.4406			≥1040				
Кәміртегінің аз құрамымен тұрақтандырылмаған болаттар /молибден легіріленген болат	X2CrNiMoN17-13-3 X2CrNiMo18-15-4 X2CrNiMoN7-13-5	1.4429 1.4438 1.4439			≥1000				
Кәміртегінің жоғары болуымен/молибдені жоқ болат	X4CrNi18-10 X4CrNi18-12	1.4301 1.4303			≥1050				
Кәміртегінің жоғары болуымен/молибден құрамды болат	X5CrNiMo17-12-2 X3CrNiMo17-13-3	1.4401 1.4436			Нысан өзгеру 1000 °C ^g -1150 °C жағдайында басталады және >875 °C (қабырға қалыңдығы үшін сумен/суда шыңдау ≥6 мм) температурасы жағдайында аяқталады	Нысан өзгеру 1000 °C ^g -1150 °C жағдайында басталады және >750 °C 875 °C (қабырға қалыңдығы үшін сумен/суда шыңдау ≥6 мм) температурасы жағдайында аяқталады және C ≤ 0,06 % болуымен тұрақтандырушы толтырғыштар немесе тұрақтандырмайтын толтырғыштар	Рұқсат етілмейді	Рұқсат етілмейді	≥1000 ≥1050

^a Тұрақтандыру немесе шамамен 30 минут сындарлы аралықпен тұрақтандырылмаған болаттар жағдайында тиісті күйдіру

^b $e_{ord} \geq 6$ мм үшін салқындату түрі суда шыңдаумен немесе ауа ағынында немесе сумен салқандатылуы керек (W SL).

^c $e_{ord} < 6$ мм үшін салқындату түрі ауа ағынында салқындатумен болуы керек (L).

^d Егер процесс шарттарымен талап етілмесе.

^e Минимал сындарлы аралық 5 мин.

^f Бастапқы температура 1000°C, егер құрамбірлік нысан өзгерту алдында ыстық күйде шыңдалған болса, төмендетіле алады.

^g Егер тұрақтандырушы толтырғыштар қолданылса, тұрақтандыру рұқсат етілмейді.

^h Егер балама сипаттамаларымен материалдар алынатын болса, №1.4406 және 1.4429 болаттары барынша төмен температура жағдайында тұрақтандырыла алады.

7.3.3 Материалдардың 10-тобы үшін ыстық жағдайда нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеу

Ыстық жағдайда нысан өзгерткеннен кейін құрамбірліктер материалға арналған техникалық шарттарға сәйкес термоөңдеуден өтуі керек.

7.3.4 Материалдарды жалату үшін ыстық жағдайда нысан өзгерткеннен кейін термоөңдеу

Егер нысан өзгертуді орындамау мүмкін болмаса, онда нысан өзгерту мен термоөңдеу процестері белгіленген қасиеттер беретіні көрсетілуі керек.

7.4 Рұқсат етілімдер

7.4.1 Нүлкен немес сыртқыға тең ішкі қытобына баламасыз әсерімен жұмысстейтін дөңгелек нысаннан ауытқыған иіндер (бұрмалар)

Дөңгелек нысаннан ауытқу u (в %) мына теңдеуден есептелуі керек:

$$u = \frac{2(d_{o \max} - d_{o \min})}{d_{o \max} + d_{o \min}} 100 \tag{7.4.1-1}$$


мұнда

$d_{o \max}$ максималды әлшенген сыртқы диаметр, в мм;

$d_{o \min}$ $d_{o \max}$ ұқсас сол кәлденең қима бойынша әлшенген минимал сыртқы диаметр, мм.

Иіннің дөңгелек нысаннан ауытқуы 7.4.1-1-суретінде берілген шектерден аспауы керек.

Иінді құбырлар жиектері негізгі құбырға арналған рұқсат етулерге сәйкесуі керек.



Шартты белгілеулер:

d_o сыртқы диаметр;

r_m бүгудің орташа радиусы;

u дөңгелек нысаннан ауытқу

7.4.1-1-суреті. Дөңгелек нысаннан қолданымды ауытқу

7.4.2 Сыртқы қысым мен вакуум әсерінен жұмыс істейтін, дөңгелек нысаннан ауытқыған иіндер (бұралар)

Дөңгелек нысаннан ауытқу мәндері жобалада белгіленген мәндерге сәйкесуі керек.

7.4.3 Иіндер толқындылығы

Егер олар мына шарттарға сәйкессе, иіндерде толқындар рұқсат етіледі:

a)

$$h_m \leq 0,03 d_{01} \quad (7.4.3-1)$$

мұнда

h_m мына теңдеуден есептелген кәршілес толқындардың орташа биіктігі:

$$h_m = \frac{d_{02} + d_{04}}{2} - d_{03} \quad (7.4.3-2)$$

мұнда

$d_{01}, d_{02}, d_{03}, d_{04}$ 7.4.3-1-суретінде кәрсетілген


b)

$$a \geq 12 \cdot h_m \quad (7.4.3-3)$$

мұнда

a толқындар арасында қашықтық;

h_m (7.4.3-1)-дан есептелген кәршілес толқындардың орташа биіктігі.




Ескертпе – Анықтық үшін толқындар тым үлкейтілген.

7.4.3-1-суреті – Иіндер толқындығы

7.4.4 Индукциялық иіндердің кәтерілуінің басталуы

Кез келген бастапқы дөңестілік/кәтерілу биіктігі қабырғаның атаулы қалыңдығынан 25% аспауы керек және негіздің максимал кәлемі кем дегенде, биіктіктің сегіз еселік мәніне тең болуы және кәршілес беттермен біртіндеп жымдасуы керек (7.4.4-1-суретін қара).

7.4.1-т белгіленген дөңгелек нысаннан ауытқуға рұқсат, біртегістіксіздік нүктесінде алынған кәлденең қимада қолданылуы керек.



Шартты белгілеулер

$$a \geq 8h$$

$$h \leq \frac{e}{4}$$

мұнда e – қабырғаның атаулы қалыңдығы

7.4.4-1-суреті Кәтеріле бастау

7.5 Беттің әрлену тазалығы

Иін беті кәзбен шолып тексеруге мүмкіндік беретіндей болуы керек.

Барлық иіндерде сызаттар, ойықтар, сызаттар және әскіндер сияқты бет ақаулары болмауы тиіс. Бет ақауларын сылайтын жерде, қабырға қалыңдығы қабырғаның есептелген минимал қалыңдығынан төмен кішірейтілуі керек. Ақауларды кетіру үшін сылауға түсірілген телімдер, осы ақаулардың толық кетірілуін қамтамасыз ету үшін материал үшін қолданымды беттік сызаттарды байқау әдістерімен зерттелуі керек. Пісірумен қалпына келтіру рұқсат етілмейді.

8 Құбыржолын орнату

8.1 Бекіту және тегістеу

Құбыржолы EN 13480-3 келтірілген жобалық талаптарға сәйкес орнатылған болуы керек. Арнайы операциялар, мысалы теңдестіру және суықтай тарту операциялары нұсқаулықта белгіленуі керек. Құбыржолының кәлбеулерін, жобаға сәйкес тұрақты кәлбеуді қамтамасыз ету үшін тексеру керек болады.

Егер қажет болса, құбыржолының секцияларын жинақтау кезінде, құрастырушы салмақты тіреусіз тарату кезінде каонсольді бәрене әсерін нәтижесінде құбыржолы мен онымен байланысқан жабдықта қажет емес кернеулер мен ақаулардың туындауын болдырмауды қамтамасыз ету үшін уақытша тіреулерді пайдалануы керек.

Уақытша кәмекші тіреулерді қосылған жабдықтардың демейтін әсерлерін алмастыру үшін пайдалану керек болады.

Құбыржолын қосылыстар жиналуы үшін теңдестіру мақсатында бұзуға болмайды.

ҚР СТ EN 13480-4-2016

Бұндай бүлдірулер құбыржолында немесе қосылған жабдықта қолайсыз жүктемелер тудыруы мүмкін.

Бойлық пісірілген жіктер, мүмкіндігінде саңылаулар мен қосылыстарды болдырмайтындай үлгіде орналасуы керек.

Қосылатын құрамбірліктерді бойлық пісірілген жіктер 20 мм минимал қашықтықпен қабырғаның қосарланған номинал қабырғасымен шахмат тәртіпте орналасуы керек.

Тіреулер сәйкестендірудің, жүктеме мен жылжыту кәрсетілген тақтайшаларды қамтамасыз ететіндей үлгіде орналасуы керек. Ойықты барлық құрамбірліктер толығымен біріктірілуі, ал тіреу тығырықтары тартылған болуы керек.

Құрастырушы қысатын бәліктер құбырға тығыз келуін қамтамасыз етуі керек.

Егер жобада әзгесі негізделмесе, құбырларға арналған DN 50 асатын тіреулерді құбыржолында белгіленген қалпынан құбырдың 1 диаметріне жақын орналастыруға болмайды. Егер қажет болса, тіреудің құрастырымға бекуі, тіреу әзектерінің бұралуы белгіленген шектерге сәйкесуін қамтамасыз етуі керек.

Айнымалы күшті серіппелі аспалы құрамбірліктер және тұрақты жүктеме аспалары, егер әзгесі жобалау нұсқаулықтарында белгіленбесе, құбыржолын орнату мен жинау кезінде тірелген болуы керек. Егер тіреулер операциялар үшін тірелмеген болса, арнайы бақылаумен әткізілетін теңдестіру немесе суықтау созу дегендерде, сыналар алдында гидростатикалық арынмен сынау және химиялық заттектермен шайылар алдында тірелген болуы керек.

Химиялық заттектермен шаю сияқты операциялар үшін серіппелерді уақытша реттеуді қарастыру керек.

Құрастырушы серіппелі тіреулерге арналған жүктемені бері жоба талаптарына сәйкес жасалуын қамтамасыз етуі керек. Егер жүктемені реттеу талап етілсе, құрастырушы, бұл реттеудің болжалды тіреу жылжуын жоймауын және азайтпауын қамтамасыз етуі керек.

Сырғымалы тіреулер мен бағыттаушылар, сырғымалы тәсем жобамен аталған барлық жылжытулар үшін оның демейтін құрамбірліктерінде орналасатындай үлгімен суықтай күйде орналастырылған болуы керек.

Қорытынды жинақтар алдында құбыржолы жүйесі тексерілуі және жылжытумен жоспарланатын барлық әлеуетті шектеулер болдырылмауы керек.

Егер суытқай созу қарастырылған болса, онда барлық созулар тұрақты анкерлерге қарсы жасалуы және саңылауларды түзетуді және пісіру кезінде бейімдеуді және дайын қосылыстарды кейіннен термоңдеуді қамтамасыз ететіндей демелуі керек. Суықтай созғаннан кейін құрастырушы құбыржолының жобамен арналған суық қалыптарда бекітілгенін тексеруі керек. Егер айнылмалы серіппелі аспа құрылғыларды және тұрақты жүктеме аспаларын суық жағдайда қондыру реттеуді талап етсе (мысалы бұрап тарту және әзек кәмегімен), құрастырушы кейіннен кәршілес тіреулер жобаға сәйкес еркін қозғала алатындай тексеруі керек.

Әтемдегіштер (жылу жіктері) жүйенің аналитигімен белгіленген техникалық шарттарға сәйкес орнатылуы керек, мысалы бағытқа, суықтай созу және нақты әтемдегіш үшін жеткізушінің құрастыруы бойынша нұсқаулықтарына сәйкес белгіленуі керек.

Гидростатикалық арынды қорытынды жинау және сынаудан кейін құрастырушы уақытша тіреулер мен тіреу құрылғыларын алып тастауды қамтамасыз етуі керек.

8.2 Құрылыс алаңында дайындау

Құрылыс алаңында дайындау діріл сипаттамалары мен құбыржолдарының соққылық тұтқырлықтарын есепке алып тіреулер мен аспалар арасында қашықтыққа қойылатын талаптармен EN 13480-3 сәйкес дайындалуы керек.

Тәсеу барысында басқа құбыржолдарынан пайдаланудан мүмкін әсерді ескеруі керек.

Пайдалану кезінде құбыржолының орналасуын ескеру керек.

Құрастыру және жәндеу жұмыстарын жүргізуді камтамасыз ету керек.

8.3 Ернемекті немесе балама механикалық қосылыстар

8.3.1 Ернемекті қосылыстар

Жинақтау алдында құрастырушы ернемектердің барлық жиектері таза екендігіне кәз жеткізуі керек.

Ернемектер нығыздаушы тәсеммен барлық жымдасатын беттері толығымен жымдасатындай, содан кейін бұрандалармен біртегіс тартып бекітілетіндей үлгімен алаңы бойынша тендестіріп еркін бірігуі керек.

Ернемектердің бұрандалы саңылаулары құбырдың жазықтығына тіке бұрыштар астында желінің кез келген жағы бойынша біртегіс орналасатындай үлгімен қосылуы керек, 7-суретін кара. Ернемектер қосылыстарын бұрандалармен дұрыс бекітілуін камтамасыз етуі керек.

Ернемек бұрандалары жобада белгіленген мәнге дейін тартылуы керек.


Егер кез келген басқа стандартта баскаша белгіленбесе, мынадай талаптар орындалуы тиіс:

а) сомындар бұранда ойығының кемі бір толық адымы сыртқа шықпайтындай үлгімен бұралуы керек.

б) - бұрандалар мен бұрамасұқпалар үшін ойықты саңылауға кіретін ойықтың l_e минимал ұзындығы бұралатын бекіту құралының материалына және оның атаулы d диаметріне байланысты болуы керек.

мұнда

l_e болаттар мен болат құймалар үшін d болып табылады.



Шартты белгілеулер

(a) құбыр жазықтығы

8.3.-1-1 –суреті – Ернемек жиегі

8.3.2 Ойықты қосылыстар

Ойықты бұрандалардың жеткілікті саны әр ернемекке салынуы керек және ернемек құбыр шетінде түпке немесе ойық түсуіне тірелмеуі керек.

Ескертпе- ойықты қосылыстар біріктіретін жалғастырғыштар мен ойықты бұрандаларды қамтуы керек.

Қосылыстар үшін қолданылатын сылақтар, нығыздаушы таспалар және т.б. қымтап пісіруді талап ететіндерден басқа барлық ойықты қосылыстар үшін пайдалануға болады.

Қымталған пісіру жігі пісіру процестерін аттестаттау бойынша нұсқаулыққа сәйкес білікті пісірушілермен орындалған болуы керек.

8.3.3 Жалғастырғыштар мен Әтемдік ернемектер

Жалғастырғыштар мен әтемдік ернемектер Еуропалық стандарттарға сәйкесуі немесе құбыржолын дайындаушымен арнайы пайдалану үшін бекітілуі керек. Олар таңбалануы және қажетті ақпаратты беруі тиіс. Жалғастырғыштар мен әтемдік ернемектердің барлық құрамбірліктері Еуропалық стандартқа сәйкеспесе, сол дайындаушымен жеткізілуі керек.

Әтемдік ернемектермен пайдаланылатын құбырлар ернемектер дайындаушы белгілеген талаптарды орындауы тиіс. Қабыршақтар мен ақауланған телімдерді жинағанға дейін алып тастау керек.

8.4 Құбырқұрамбірліктерінің жиектерін қорғау

Құбыржолы құрамбірліктерінің шеттерін тасымалдау, сақтау және жинақтау кезінде қорғау үшін (мысалы жүздер, бұралмалы шеттер, ернемектер жиектері), егер қажет болса тиісті шаралар қабылдануы керек (мысалы жабындар немесе қақпақтар). Жинақтаушы қолданатын барлық жиектерді қорғау түрлері бәліктер бірге қосылар алдында алып тасталуы керек.

9 Пісіру

9.1 Пісірушілер

9.1.1 пісіру жұмыстарын білікті пісірушілер немесе білікті операторлар орындауы керек.

Пісірушілер процестер, материалдар топтары мен әлшемдер ауқымы үшін EN 287-1 сәйкес аттестаттаудан өтуі керек, сондай-ақ пісірушіні аттестаттап сынаудың қолданыстағы сертификатына ие болуы тиіс. Толығымен механикаландырылған және автоматтандырылған пісіру процестерінің операторлары EN 1418 сәйкес аттестаттауға ие болуы керек.

9.1.2 Пісіру жұмыстарын пісіру бойынша үйлестіруші бақылауы керек.

Ескертпе – пісіру жұмыстары бойынша үйлестірушінің тапсырмалары мен міндеттемелері EN ISO 14731 келтірілген.

9.2 Пісіру әдісінің техникалық шарттары

Пісіру әдісінің техникалық шарттары (WPS) орнында пісіру үшін дже, зауыт жағдайында пісіру үшін де, барлық бәліктерге қосу мен бәліктерге қысымды ұстайтын пісірудің барлық түрлері үшін EN ISO 15609 (барлық бәліктері) сәйкес әзірленген болуы керек. WPS осымен ішкі сәйкес келмеу бойынша және қабырға қалыңдығының ауқымы бойынша ақпаратты қамтуы керек және бұзбайтын сынау бойынша ақпаратты қамти алады.

Пісіру EN ISO 5817 сәйкес С сапа деңгейінің талаптарына сәйкесу мақсатында орындалуы керек.

Сырғымалық және қажуға қатысты бет ақаулары EN ISO 5817 сәйкес В сапа деңгейінің талаптарына сәйкесуі керек.

9.3 Пісіру процестері

9.3.1 Жарамдылықты тексеру

Арналған пісіру процестерінің жарамдылығы 9.3.1-1-кестесіне сәйкес пісіру

жұмыстарын аттестаттау негізінде тексерілуі керек.

9.3.1-1-кестесі пісіру жұмыстарын аттестаттау

Құбырлар класы	Талап
II, III	Пісіру жұмыстарын аттестаттау EN ISO 15614-1:2004 немесе EN ISO 15613:2004 сәйкес орындалуы және жауапты органмен бекітілуі керек ^a
I	Қысым астындағы құрамбірліктерге арналған пісіру жұмыстарын аттестаттау, егер жобалау ерекшеліктерінде EN ISO 15611:2003 немесе EN ISO 15612:2004 пайдалануға болатыны белгіленбесе, EN ISO 15614-1:2004 немесе EN ISO 15613:2004 сәйкес орындалуы керек
0	Ұсым астындағы құрамбірліктерде пісіру жұмыстарын аттестаттау EN ISO 15614-1:2004, EN ISO 15611:2003, EN ISO 15612:2004 немесе EN ISO 15613:2004 сәйкес орындалуы керек. Қысым астында болмайтын құрамбірліктерінде пісіру жұмыстары EN ISO 15610:2003 сәйкес бекітілуі керек.
ЕСКЕРТПЕ. Құбыр кластары EN 13480-1 келтірілген.	
^a Жауапты орган: дайындаушыдан тәуелсіз құзыретті орган. Еуропалық Одақ құзыреті шегінде қолдану үшін осы ұйым уәкілетті орган немесе ұйыммен уәкілеттік берілген тараптық орган болуы керек.	

Әйтсе де, осы стандарт алдындағы жылдары шыққан ұлттық стандарттар немесе ерекшеліктер немесе осы стандарттың алдындағы шығарылымы бойынша орындалған пісіру технологиясына алдындағы сынаулардың күші жойылды деп танымайды. Егер біліктіліктің техникалық сәйкестігі үшін қосымша сынаулар орындау талап етілсе, осы стандартқа сәйкес орындалуы керек, сынауларға арналған үлгілерде тек қосымша сынауларды орындау керек.

9.3.2 Қолдану

9.3.2.1 Түрлі технологияларды қолдану материалға, әлшемге, құбыржолы жүйесінің немесе оның құрамбірліктерінің арналуына және қосылыстарға қол жеткізімділігіне байланысты болуы керек. Процестер мен сызбаларда нышандық берудің сілтеме нәмірлерін белгілеу EN ISO 4063 талаптарына сәйкесуі керек.

9.3.2.2 Ацетилен пісіру процестері мыналар үшін ғана қолданылуы керек:

- CEN ISO/TR 15608, 1-топқа сәйкес материалдар;
- DN 100 және кем әлшемдер;
- 6 мм артық емес қабырға қалыңдығы.

9.3.2.3 Қорғаныс газ ортасында доғалап пісіру процестерін пайдалану кезінде, әсіресе, тарту түзілуі мүмкін орында жасаған жағдайда қорғалған газ ағыны еспе желден және сыртқы әсер етулер нәтижесінде үзілуден қорғалған болуы керек.

Жік түбінде бірінші әтпені пісіру және 4, 6, 7, 8 және 10 материалдар тобының легірленуі жоғары болаттардан жасалған құбырларда барлық бұрыштық әтпелер жағдайында беттер қорғаныс газ кәмегімен тотығудан қорғалған болуы керек. Қорғаныс газ құбыр материалының түріне жарамды болуы керек.

9.4 Қосым металдар және кәмекші материалдар

Қосым металдар мен кәмекші материалдар жіктер т үсірілуі керек негізгі металдармен қолдану, пісіру процестері және әндіруші шарттары үшін жарамды болуы керек.

Барлық қосым материалдар, қосымды сым және шыбықтар EN 10204 сәйкес 2.2-сынаә хаттамасы бойынша құжаттамаға енгізілуі керек. Сынақтар хаттамасында

ҚР СТ EN 13480-4-2016

химиялық талдау мен механикалық қасиеттер қосылуы керек.

Барлық қосым материалдар сақтықпен сақталып қолданылуы және қосым материалды дайындаушы белгілеген шарттарға сәйкес пайдаланылуы керек.

Электродтар, қосымды сым және шыбықтар, қосындылар зиян келтірмеуі немесе бұзылулар әкелмеуі керек.

Ескертпе – жарылған немесе қабыршақтанған жабындар, таттанатын немесе лас электродты сым бұзылу мен бүлінудің типтік мысалдары болып табылады.

9.5 Климаттық жағдайлар

Пісірілетін құбыр телімі ылғал болмауы керек (булану, қырау, мұз).

Ол үшін пісіру аймағын алдын ала жылытып алу керек.

Қолайсыз ауа-райы жағдайлары және төмен температуралар жұмыс шарттарына және материал қасиеттеріне нашар әсер етеді және пісірудің жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдау керек болады.

9.6 Пісіруге дейін және кейін тазарту

Ішкі және сыртқы пісірілетін беттер бояудан, майдан, таттан, күйеженектен және қыздыруды қолдану кезінде жік немесе негізгі металл үшін зиянды болатын басқа материалдан тазартылған болуы керек.

